

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көлік қызметін көрсету үшін қызметтік автомобильдерді пайдалануды ретке келтіру туралы" 1999 жылғы 27 мамырдағы № 663 және "Мемлекеттік органдардың аппаратын және ерекше үй-жайларын орналастыруға арналған аландар нормалары мен телефон байланысын пайдалану үшін тиесіллік нормалары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 31 наурыздағы № 335 қаулыларына толықтырулар енгізу туралы

## *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 қазандағы № 1148 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 28 желтоқсандағы № 887 қаулысымен.

Ескеरту. Құші жойылды – ҚР Үкіметінің 28.12.2016 жылғы (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) № 887 қаулысымен.

## РҚА О-ның ескертпесі.

КР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-В КРЗ Заңына сәйкес КР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1056 бұйрығын, КР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1054 бұйрығын қараңыз.

## Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көлік қызметін көрсету үшін қызметтік автомобильдерді пайдалануды ретке келтіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 663 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1999 ж., № 23-24, 228-күжат):

көрсетілген қауымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көлік қызметін көрсету үшін қызметтік автомобильдердің тиістілік нормативінде:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 17-2-жолмен толықтырылсын:

1

	Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясының төрагасы	1	*** *** *
--	--	---	-----------------

17-2	Облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссиялары	Облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясының мүшелері	2-не 1 бірлік	*** *** *
------	---	---	---------------	-----------

";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 21-1-жолмен толықтырылсын:  
"

21-1	Облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссияларына көліктік қызмет көрсету	1	2600-ден көп емес	***** *
------	---	---	-------------------	---------

";

Ескертпелер мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"\*\*\*\*\* облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссиялары үшін жүру лимиті облыс, респубикалық маңызы бар қала, астана әкімінің шешімі бойынша анықталады.";

2) "Мемлекеттік органдардың аппаратын және ерекше үй-жайларын орналастыруға арналған алаңдар нормалары мен телефон байланысын пайдалану үшін тиесілілік нормалары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 335 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыруға арналған алаңдар нормалары "Облыстық бюджеттен, Астана, Алматы қалаларының бюджеттерінен қаржыландырылатын облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссиялары" деген жолмен және мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 38, 39, 40, 41 және 42-жолдармен толықтырылсын:

"

Облыстық бюджеттен, Астана, Алматы қалаларының бюджеттерінен қаржыландырылатын облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссиялары

38	Облыстың (Астана, Алматы қаласының) тексеру комиссиясы төрағасының кабинеті	шаршы м	36
39	Облыстың (Астана, Алматы қаласының) тексеру комиссиясы төрағасының демалыс бөлмесі	шаршы метр	12
40	Облыстың (Астана, Алматы қаласының) тексеру комиссиясы төрағасының қабылдау бөлмесі	шаршы метр	10
41	Облыстың (Астана, Алматы қаласының) тексеру комиссиясы мүшесінің кабинеті (1 қызметкерге)	шаршы метр	20
	Жалпы үй-жайлар (конференц-зал, мәжіліс залы, қызмет көрсетуші персоналға арналған үй-жай, мұрағат, көшірме-көбейту қызметі, гардероб, серверлік жабдық, мүкәммал және кенсе керек-жарақ қоймалары және т.б.)	шаршы метр	7,5 Жиынтығының 25 %-ы

42	Қосалқы үй-жайлар (дәліздер, венкамералар, дәретханалар, жеке гигиенага арналған үй-жайлар және т.б.)	шаршы метр	Жиынтығының 20 %-ы
----	---	------------	--------------------

",

көрсетілген қаулымен бекітілген телефон байланысын пайдалану үшін тиесілілік нормаларында:

3-бағанда:

реттік нөмірі 1-жол мынадай мазмұндағы сөздермен толықтырылсын:

"; облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссияларының төрағалары, мүшелері және құрылымдық бөлімшелерінің басшылары";

реттік нөмірі 4-жол мынадай мазмұндағы сөздермен толықтырылсын:

"; облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссияларының қызметкерлері – екеуге бір нөмір".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК